

Келісемін:  
«Қарауылкелді»бөбекжай-  
балабақшасы»әдіскері:  
Абишева Г.Н.Абишева



Бекітемін:  
«Қарауылкелді»бөбекжай-  
балабақшасы» меңгерушісі:  
Ә.М.Аманғосова

**2024-2025 оқу жылына арналған логопедтің перспективалық  
жұмыс жоспары(3-4 жас)**

**логопед: Кеңесбаева Ақмарал**

Өтпелі тақырып	Сабақтың тақырыбы	Артикуляцияға арналған жұмыс	Жұмыс түрлері
<b>Қыркүйек</b>			
<b>Өтпелі тақырыбы: Балабақша</b>	Сөйлеу аппаратының артикуляциялық бөлімімен танысу.	Балаларды негізгі артикуляциялық мүшелермен таныстыру.	Айна алдында балаларға тіл, ерін, таңдай, астыңғы және үстіңгі тістермен таныстыру.
	Тіл дыбыстарын дұрыс айтуға сөйлеу мүшелерінің қимыл-қозғалысын жетілдіріу.	Тіл дыбыстарын дұрыс айтуға сөйлеу мүшелерінің қимыл-қозғалысын жетілдіріу мақсатында балаларға артикуляциялық жаттығулар жасату арқылы сөйлеу мүшелерін дайындау.	Айна алдында балаларға тілге арналған жаттығуларды жасату. «Құлыншақ», «Мысық», «Барабан». «Тәтті тосап», «Кесе» т.б.
	Тыныс алу жаттығулары.	Сөйлеу кезіндегі дұрыс тыныс алуын қалыптастыру, ауа ағымын реттеу. Ұзақ және қысқы тыныс алуын қадағалау.	Балаларға тыныс алу жаттығуларын орындату: «Қар», «Футбол», «Сыбызғы», « Қайық» Тыныс алу жаттығулары: «Салқын ағын», «Кімнің көбелегі алысқа ұшады», «Алақанымызды жылытамыз», «Допты қақпағы кіргізу» т.б. т.б.
	Дыбыстар.	Балаларды дыбыстардың түрлерімен және олардың шығу жолдарын түсіндіріп, арнайы жаттығуларды орындатқызу.	Дауысты және дауыссыз дыбыстар дыбыстар туралы түсіндіру, оларды дұрыс айтуға жаттықтыру, сөйлеу тынысын дамыту. Сюжетті сурет бойынша сөйлем құрастыру

<b>Қазан</b>			
<b>Өтпелі тақырыбы: «Менің отбасым»</b>	Дыбыс және әріп «А» «а»	Ауыз ашық, ауа жеңіл шығады Дауысыты дыбысты әндетіп айтуға болады.	Аю, алма, «А»дыбысы сөздің басында, ортасында, аяғында. Сюжетті сурет бойынша жұмыс.
	Дыбыс және әріп «О о»	Ерін алға шығыңқы, дөңгеленген, ауа жеңіл кіріп шығады.	«Ойыншықтар» орақ, ожау» О дыбысы сөздің басында, ортасында, аяғында
	Л дыбысы және әріпі	Тілді жалпайту, жіңішкелету, тіл мен ерінді айналдыра жалау.	Лақ, кілем, қал. Бала телефонмен сөйлеседі алло, алло. Суретпен жұмыс.
	Дыбыс және әріп «Т т»	Кесе үстіңгі тісті тазалаймыз.	Т дыбысы сөздің басында, ортасында, аяғында. Өз отбасы туралы әңгіме құрастыру. Т дыбысына буындар: та, то, ата, от, ат.
	Дыбыс және әріп «Ә ә»	Ауызымыз дөңгеленеді, түтікше қалаш жасау. Дауысты дыбыс ауызымызда кедергі болмайды.	Ә дыбысы кездесетін сөздер ойлау. Ә дыбысының сөзде орналасуы. Кеспе, әріп, буын. Әже сөзіне сөйлем құрастыру. Заттық суреттер.
<b>Өтпелі тақырыбы: «Дені саудың жаны сау»</b>	<b>Қараша</b>		
	«М м» дыбысы мен әріпі	Ерін қысылып тұрады. Ерін арасында қарандаш.	Фонематикалық есту қабілетін дамыту. Ойын «Кім мұхият тыңдайды?»
	Дыбыс және әріп «П п»	Демалу жаттығулары. Ерін жабық, күшпен ауа шығады.	П дыбысын басқа дыбыстардан ажырату.
	Дыбыс және әріп «Н н»	Ауа мұрын арқылы өтеді.	«Бұл қай аңның дене мүшесі?» Мысалы:

			түлкінің тұмсығы, қоянның құйрығы т.б. Сөздегі бірінші, соңғы дыбыстарды ажырату
	Дыбыс және әріп «Р р»	Кесе, тәтті тосап, ат шауып келеді, жылы ауа.	Төңіректегі дүрілдер (мотор, күн күркіреу). Р дыбысын әр түрлі дыбыстарда, буындарда, сөздер арасынан бөлу. Дидактикалық ойын «Қандай шырын дайындаймыз?» Алмұрт, таңқұрай.
	<b>Желтоқсан</b>		
<b>Өтпелі тақырыбы: «Менің Қазақстаным»</b>	Дыбыс және әріп «У у»	Ауыз арқылы дем шығару, ерінді дөңгелету.	Фонематикалық есту қабілетін дамыту. Жұмбақтар жасыру. Әр шешуінде неше дыбыс бар. Уық, ожау.
	Дыбыс және әріп «Ғ ғ»	Тіл үсті таңдайға толық тимейді. Орта тұста ұуыс қалдырады, сол арқылы өткен дем ауасы ғ дыбысына тән шу шығарады.	Сөздердегі бірінші дыбысты ата. Аға, сырға, таға, ғалым, табиғат.
	Дыбыс және әріп «С с»	Күрекше, ине, сағаттың тілі, түтікше, тәтті тосап.	Символ суреттер, жұмыс дәптері, Ойын «мен бастаймын сен аяқта»
	Дыбыс және әріп «И и»	Жымию, дем алуды дамыту.	Қой, ай, қайшы. «Тез алмастыр» ойыны.
<b>Қаңтар</b>			
<b>Өтпелі тақырыбы: «Табиғат</b>	Дыбыс және әріп «Б б»	Ауыз қуысы жабық, ауаны күшпен шығарамыз.	Б дыбысын басқа дыбыстар арасынан ажырату. Б дыбысы сөздің басында бар сөздер ойлау

	Дыбыс және әріп «Қ қ»	Қ дыбысына арналған жаттығулар. (тіс тазалау, жылы ауа).	Кеспе әріптер, буындар. Жұмбақ, жаңылтпаштар. «Қарама-қарсы сөзді ата» ойыны. Мысалы: ақ-қара, алыс-....., ұзын-....., қатты-....., жұқа-..... т.б.
	Дыбыс және әріп «Ш ш». Сөзде, сөйлемде машықтандыру	Тәтті тосап, тіс тазалау, ат шауып келеді, сағат жылдам дем шығарады.	Символ суреттер, жұмыс дәптері. Фонематикалық есту қабілетін дамыту. Ойын. Сөйлемді ш дыбысы бар сөздерді қосып, сөйлемді дұрыс аяқта.
	Дыбыс және әріп «Ы ы»	Ауыз ашық, ауа жеңіл өтеді, тіл төмен қарайды.	Заттардың бөлшектерін атау. Мысалы: шәйнектің құлағы, қазанның қақпағы т.б. Сөздерді талдау, сөйлем құрастыру.
	Дыбыс және әріп «В в»	Вагон, вокзал, автобус.	Заттық, сюжетті суреттер, сөйлем құрастыру
<b>Ақпан</b>			
Өтіелі тақырып: «Бізді»	Дыбыс және әріп «Е е»	Дауысты дыбыс.	«Тез алмастыр» ойыны. Мысалы: лақ - лақтар, ешкі - ..., қой - .... т.б. Заттық суреттер, жұмбақ шешу, Дыбыстық талдау.

	Дыбыс және әріп «Д д»	Автомат дауысы д-д-д жымию, дауысты қосу.	«Сөзді аяқта» ойыны. (бірінші буынға -да буынын қосып, сөздер шығару) Дыбысты басқа дыбыстар арасынан табу. Суретпен жұмыс, д дыбысының орнын табу.
	Дыбыс және әріп «К к»	Тәл ұшы төмен, үсті тандайға тиеді. Тілді жоғары төмен қозғалту жаттығулар, сөйлеу мүшелерінің араласуы.	Сөздер соңына к дыбысын қосып, сөздерді атау. К дыбысы бар суреттер, сөз ойлау және сөздің қай жерінде кездеседі.
	Дыбыс және әріп «І і»	Жаттығулар, сөйлеу мүшелерінің араласуы.	Сурет ішінен і дыбысына басталатын сөздерді атау. І дыбысы қай жерде кездеседі. (ән, тіл, кірпі.) Жаңылтпаш жаттау.
<b>Наурыз</b>			
<b>Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»</b>	Дыбыс және әріп «З з»	Күрекше, ине, сағаттың тілі, тәтті тосап, тіс тазалау	Символ суреттер, (маса қалай ызылдайды, суреттер, дыбыстық талдау) Дидактикалық ойын «Көп-біреу». Мысалы: көз-көздер, шаш-шаштар т.б
	С-з дыбыстарын салыстыру	Іс-із, ас-аз, қас-қаз,	Сурет ішінен с, з дыбысы бар сөздерді атау. Қас-қаз, қасық-қазық, жас-жаз т.б.

	Дыбыс және әріп Г г	Ерін қалпы іргелес дыбысқа байланысты. Тілдің ұшы иекке тіркеледі	Оның орналасуын анықтау, буын құрастыру. «Сөзді аяқта» ойыны. (бірінші буынға -ге буынын қосып, сөздер шығару)
	Дыбыс және әріп «Ұ ұ»	Түтікше қалаш, жылы ауа шығару.	Ұ дыбысын басқа дыбыстардан, буындар мен сөздерден ажырату.
<b>Сәуір</b>			
<b>Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»</b>	Дыбыс және әріп «Ң ң»	Ауа мұрын арқылы өтеді	Аң, шаң, таң, қайың, шаңғы, «Бұл қай аңның дене мүшесі?» Мысалы: түлкінің тұмсығы, қоянның құйрығы т.б.
	Дыбыс және әріп «Ж ж». Ж дыбысын сөзде, сөйлемде машықтандыру.	Тәтті тосап, тіс тазалау, ат шауып келеді, жылы ауа.	Жыл мезгілдері. Символ сурет. Ойын «Ойлан тап». «Не қалай дауыстайды?» ойыны.
	Дыбыс және әріп «Ү ү»	Түтікше, қалаш, жылы ауа шығару.	Ү дыбысын басқа буындардан бөлу. Заттық суреттер. Дидактикалық ойын «Ана туралы әдемі сөздер».
	Дыбыс және әріп «Х х»	Ерін кішкене ашық, тіл ұшы төмен, тіл үсті тандайға түгел тимейді.	Дауысымызды шығарып күлеміз: ха-ха-ха Х дыбысын басқа дыбыстардан ажырату.
<b>Мамыр</b>			
<b>Өтпелі тақырып:</b> <b>і</b> <b>тақырып:</b> <b>ып:</b>	Дыбыс және әріп «Ө ө»	Ауызымыз дөңгеленеді, түтікше қалаш жасау. Дауысты дыбыс ауызымызда	Ө дыбысы кездесетін сөздер ойлау. Ө дыбысының сөзде орналасуы. Кеспе, әріп, буын.

		кедергі болмайды.	Әже сөзіне сөйлем құрастырутық. Заттық суреттер.
	Дыбыс және әріп «Я я»	Артикуляциялық белгілерін анықтау. Аю, ою, қою, тою. Ая, оя, қоя.	Ю әріпінің айтылуы мен жазылуын анықтау Ая, ұя, сия, пияз, таяқ. Дыбыстық талдау
	Дыбыс және әріп «Ю ю»	Аю, ою, қою, тою. Ая, оя, қоя.	Заттық, сюжетті суреттер, сөйлем құрастыру
	Дыбысы және әрпі «Ч ч» Дыбыс және әріп «Ц ц»	Артикуляциясын анықтау, жаттығулар.	Жеке карточкалар. Буында сөзде жаттығу Ч дыбысымен таныстыру, артикуляцияларын анықтау. Ч дыбысымен сөздер ойлау, сөздерді буынға бөлу. Жаңылтпаштар жаттау..